

Мұғалжар ауданы Батпақкөл ауылдық округінің Саға, Қожасай ауылдарының көшелеріне атау беру туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Батпақкөл ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 30 маусымдағы N 9 шешімі. Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық әділет басқармасында 2008 жылдың 4 тамызда N 3-9-69 тіркелді

Ескерту. Атау жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Батпақкөл ауылдық округінің әкімінің 24.03.2017 № 9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына сәйкес, Саға, Қожасай ауылы тұрғындарының конференциясы және аудандық ономастика комиссия отырысының 2008 жылғы 12 маусымдағы № 3 хаттамасының негізінде, Мұғалжар ауданы Батпақкөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Батпақкөл ауылдық округінің әкімінің 24.03.2017 № 9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Саға ауылындағы негізгі көшеге Саға атауы берілсін.
2. Қожасай ауылындағы негізгі көшеге Тәуелсіздік атауы берілсін.
3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа он күнтізбелік күнінен кейін енгізіледі.

Батпақкөл ауылдық округі әкімі:

Ж. Алданиязов